

8-СЫНЫП
АЛГЕБРА
12-САБАҚ ТАПСЫРМАЛАРЫ:

1-есеп. Көрермендер залында 320 орын бар. Әр қатардағы орындар саны бірдей. Әр қатардағы орындар санын 4-ке арттырып, тағы бір қатар қосқан соң орындықтар саны 420 болды. Залда неше қатар бар?

Жауабы: 21

2-есеп. Бассейндегі суды 1 сағат бойы бірқалыпты ағызған соң оның ішінде 400 м^3 су қалды. Тағы да 3 сағат ағызған соң бассейндегі су мөлшері 250 м^3 болды. Бассейндегі бастапқы су мөлшерін табыңдар.

Жауабы: 450 м^3

3-есеп. А және В қалаларының арақашықтығы 260 км. Автобус А-дан В қаласына қарай 2 сағат жүргеннен кейін 30 минут кідірді. Сондықтан В қаласына кестеде көрсетілген мерзімде жету үшін жылдамдығын 5 км/сағ-қа арттыруға мәжбүр болды. Автобустың бастапқы жылдамдығы қандай?

Жауабы: 40 км/ сағ

4-есеп. А және В теміржол бекеттерінің арақашықтығы 120 км. А-дан В-ға аттанған пойыздың соңынан 3 сағат өткен соң, одан жылдамдығы 10 км/сағ артық екінші пойыз шықты. Егер екінші пойыз В бекетіне біріншісіне қарағанда 2 сағат кеш келгені белгілі болса, екінші пойыз А мен В бекеттерінің арасына қанша уақыт жұмсаған?

Жауабы: 3 сағ

5-есеп. Қайықтың көл бетімен 25 км және өзен ағысына қарсы 9 км жүрген жолына жұмсайтын уақыты оның өзен ағысымен 56 км жүретін жолына жұмсайтын уақытымен бірдей болды. Егер өзен ағысының жылдамдығы 2 км/сағ болса, онда қайықтың тұнық судағы жылдамдығы қандай?

Жауабы: 5 км/сағ

6-есеп. Екі тракторшы тың жерді бірігіп жыртса жұмысты бірінші тракторшы жалғыз жыртқан уақыттан 18 сағат, екінші тракторшы жалғыз жыртқан уақыттан 32 сағат ертерек бітірген болар еді. Осы тың жерді тракторшылардың әрқайсысы жеке-жеке қанша уақытта жыртып бітірер еді?

Жауабы: 42 сағ, 56 сағ

7-есеп. Екі жұмысшыға белгілі бір тетіктер жасау тапсырылды. Бірінші жұмысшы 7 сағат, екіншісі 4 сағат істегеннен кейін барлық жұмыстың $\frac{5}{9}$ бөлігі біткені белгілі болды. Олар бірігіп тағы да 4 сағат жұмыс істегеннен кейін барлық жұмыстың $\frac{1}{18}$ бөлігі қалды. Барлық тапсырманы әр жұмысшы жеке өзі істегенде неше сағатта бітірер еді?

Жауабы: 18 сағ, 24 сағ

8-есеп. Егер жолаушы пойызы бағананың қасынан 7 секундта, ал бекет аялдмасынан (платформадан) 25 секундта жүріп өтсе пойыздың ұзындығы мен жылдамдығы қандай болғаны? Аялдама ұзындығы 180 м.

Жауабы: 10 м/с

9-есеп. Бір егін алқабынан 2880 ц астық, ауданы одан кіші жерден 2160 ц бидай жиналды. Бірінші алқаптың әр гектарынан екіншісіне қарағанда 4 ц бидай артық жиналса және бірінші алқаптың ауданы екіншісінен 12 га артық болса, әр алқаптың ауданын табыңдар.

Жауабы: 72 га, 60 га немесе 120 га, 108 га

10-есеп. Тұнық судағы жылдамдығы 25 км/сағ болатын катер 2 сағат ішінде өзен ағысымен 30 км және ағысқа қарсы 20 км жол жүрді. Өзен ағысының жылдамдығы қандай?

Жауабы: 5 км/сағ

11-есеп. Мотоциклші А пунктiнен Б пунктiне 40 км жол жүріп өтті. Кері қайтарында ол алғашқысынан 10 км/сағ кем жылдамдықпен жүріп, 20 мин артық уақыт жұмсады. Мотоциклшінің алғашқы жылдамдығын табыңдар.

Жауабы: 40 км/сағ

12-есеп. Моторлы қайық барлық жолға 2 сағ уақыт жұмсап, өзен ағысымен 25 км және өзен ағысына қарсы 3 км жүзіп өтті. Өзен ағысының жылдамдығы 5 км/сағ-тан аспаса, моторлы қайықтың тынық судағы жылдамдығы 12 км/сағ болса, өзен ағысының жылдамдығын табыңдар.

Жауабы: 3 км/сағ

13-есеп. Велосипедші қаладан турбазаға дейін 10 км жолды жүріп өтті. Кері қайтарда ол жылдамдығын 5 км/сағ азайтты. Барған және кері қайтқан жолына 1 сағ 10 мин уақыт жұмсады. Велосипедшінің турбазадан қалаға дейін жүрген жылдамдығын табыңдар.

Жауабы: 15 км/сағ

14-есеп. Баржа сағ 9-да А пунктiнен 60 км жоғары орналасқан Б пунктiне жолға шықты. Б пунктiнде 2 сағ аялдап, кері шыққан баржа сол күні А пунктiне 19 сағ 20 мин жүзіп жетті. Өзен ағысының жылдамдығы 3 км/сағ болса, А-дан Б пунктiне баржа қанша уақытта жүзіп келген?

Жауабы: 14 сағ 00 мин

15-есеп. Екі жұмысшылар бригадасы қандай да бір уақыт ішінде 300 тетіктен дайындауы қажет. Бірінші бригада әр күнде екінші бригадаға қарағанда 10 тетік артық дайындап, тапсырманы 1 күнге ерте орындайды. Әр бригада бір күнде қанша тетік дайындады?

Жауабы: 60 тетік, 50 тетік

16-есеп. Екі бригада бірігіп жұмыс атқарғанда ағаштарды 4 күнде отырғызды. Жұмысты жеке орындағанда бірінші бригада екіншісіне қарағанда 15 күн ерте бітірсе, әр бригада осы жұмысты жеке орындау үшін қанша күн қажет?

Жауабы: 5 күн, 20 күн

17-есеп. 810 фанер қалқанын, екіншісі осындай қалқанның 900-ін өңдеуі қажет. Бірінші цех екіншіге қарағанда осыған 3 күн артық жұмсап, барлық жұмысты атқарды. Күніне екінші цехта біріншіге қарағанда 4 қалқанға артық жасалса, әр цехта күніне қанша қалқан дайындалады?

Жауабы: 1-ші 20 күнде, 2-ші 24 күнде

18-есеп. Екі санның көбейтіндісінің мәні 10-ға тең, олардың қосындысының мәні оның көбейтіндісінің мәнінің 70%-ын құрайды. Осы сандарды табыңдар.

Жауабы: 2 және 5